

● Галым мінбері

Елдің инновациялық алеуетін білім-ғылыммен ғана арттыра аламыз

Бұгінгі таңда бірегей өнімдерді жасау үшін адамдардың білімі мен біліктілігін пайдаланудың маңызы зор. Мәселен, Дүниежүзілік банктің бағалауынша, адам капиталының сапасы экономикалық жаңғыру мен мемлекеттердің даму деңгейіндегі айырмашылықты 30 пайызға дейін анықтайды екен. Бұгінгі тәртінші енеркесіптік революция және экономиканың дамуы жағдайында адамдар мен олардың алеуеті тек мұнайдан ғана өлшешіп тұрған белгілі.

Қазақстанның халықаралық рейтингтердегі жоғары үстелімінде қарамастаң, білім беру саласындағы қазақстандық сарапшылардың талдауы бірқатар проблемалық мәселелер мен сын-кәтерлердің анықталған отыр. Мысалы, қазақстандық ЖОО тулектерінің тек 30-35 пайызы ғана мамандығы бойынша жұмыска орналаса, 70 пайызы жоғары білімді «диплом алу» ретінде ғана қарастырады екен.

Мамандар білімді азаматтардың Қазақстаннан кету мәселе сіненде аландап отыр. Сыртқа ағылатын жоғары білімді жастардың үлесі 30 пайыз жыл өткен сайын артып келеді. Егер 2015 жылы олардың үлесі 30 пайыз болса, 2019 жылы 40 пайызға көтерілген. Осы уақыт аралығында техникалық кадрлардың елден кетуі де 1,5 есеге есекен.

Сарапшылардың пікірінше, адамзат таяу онжылдықтарда кездесетін жасанды интеллектіге негізделген технологияның есүі мен оның енгізілігін туындастырып, сын-кәтерлерді ескеру қажет. Өйткени, автоматтандыру мен роботтандыру көптеген жандардың дәғдүлары мен қызыреттерін жағдайда. Кейір кесінгерге біліктілік талаптары едәуір артатын болады. Бұл ретте жаңа форматтағы адами капиталды дамыту үзак мерзімді мемлекеттік саясаттың басты назарында болуы тиіс. Экономикадағы осындағы модельдің қаншалықты тез іске асырылатыны мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты. Соңғы жылдарды еліміз осы бағытта көп күш-жігер жұмсады. Айтальық, заңнамалық база қалыптастырылып, даму институттары құрылды. Үкіметтік бағдарламалар қабылданып жатыр. Үлттық инновациялық жүйе қалыптастасу үстінде.

Қазіргі уақытта адами капиталдың есүіне қарай мемлекеттік рөлін арттыру үрдісі байкалады. Индустримальық экономикадан инновациялық экономикаға ету үшін Қазақстан барлық деңгейдеңін бағдарламалардың үлесін арттыруға тұтыну секторынан қалыптастырылған үрдістердің бұзылуы мүмкін. Бірақ, бұл бірқатар манызды құрылымдық қозғалыстардың пайда болуын қамтамасыз етеді.

Адам дамуы мәселелерімен айналысатын қазақстандық экономист-ғалым Д.И.Закированың пікірінше, инновацияны жүзеге асыру кезінде бұрыннан қалыптастан үрдістердің бұзылуы мүмкін. Бірақ, бұл бірқатар манызды құрылымдық қозғалыстардың пайда болуын қамтамасыз етеді.

Айтальық, ғылымды, машина жасау, өнеркәсіптік және ақпараттық кешендердің дамуы есебінен инновациялық-инвестициялық сектордың үлесін арттыруға; тұтыну секторының, ең алдымен алеуметтік кешенін (дансаулық сақтау, білім беру, алеуметтік сақтаңдыру, мәдениет), женіл өнеркәсіптік инновациялық жаңарту базасында үлесін өзгертуге; дедалдық буындардың қысқарту, электрондық сауданы дамыту және

басқаруда қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың негұрлым тімді пайдалану есебінен жұмыспен қамтылғандар қатарында да, инвестицияларда да, жалпы өнімде де сауда және басқару секторының үлесін қысқартуға; экспорт құрылымының өзгеруіне ықпал етеді.

Бірінші бағыт бойынша үзак мерзімді ғылыми болжамдау (30-50 жыл) экономиканың әлемдік үрдістерін ескере отырып, Қазақстан экономикасының дамуына мүмкіндік береді.

Екінші бағыт бойынша елдің демографиялық, экологиялық, инновациялық-технологиялық және экономикалық дамуының басты басымдықтарын, сондай-ақ осы стратегияны іске асырудың жолдары мен тетіктерін айқындастырып 20-30 жылға арналған мемлекеттік стратегия өзірлеу.

Үшінші бағыт бойынша мемлекеттің, бизнестің, ғылым мен білімнің инновациялық әріптестігін күру.

Тәртінші бағыт бойынша инновациялық серлілікке қолайлы институционалдық трансформацияларды жүзеге асыру.

Бесінші бағыт бойынша білім беру жүйесі, ақпараттық арналар, бұкарапттық ақпарат қуралдары арқылы жас ұрпақтың білімі мен дағдыларының қалыптастасуына жағдай жасау, қоғамдағы, оның барлық буындарындағы негізгі сатыларға жаңа ұрпақтың уақытын көлпін қамтамасыз ету.

Алтыншы бағыт бойынша Қазақстан халықының инновациялық экономикасын түсініп мен инновациялық ойлаудың қалыптастасуы.

Жетінші бағыт бойынша Қазақстанның үзак мерзімді даму стратегиясын өзірлеу мен жүзеге асырудың үлттық мұдделердің басымдығын қамтамасыз ету, бұл өсіресе, жаңандану жағдайында ете маңызды.

Біз Д.И.Закированың бірінші бағытымен мұлдем көлікшіміз жоқ, өйткени, 30-50 жылда үзак мерзімді ғылыми болжаммен айналысу мүмкін емес. Себебі, бұл макро және мікроэкономикалық деңгейдегі тұрақты жағдайға байланысты. Мундай жағдайда қысқа мерзімді және орта мерзімді ғылыми болжамдардың өзірлеуді негізге ала отырып, үлттық экономиканы дамыту бағытын белгілеуң негұрлым қолайлы деп санаймыз.

Екінші бағыт бойынша бұгінгі таңда стратегиялық жоспарлар, үлттық бағдарламалар мен жобалар, өнірлік және мемлекетаралық бағдарламалар арқылы іске асырылатын пәрменді стратегиялар бар. Осы кезеңде үлттық экономиканы дамытуды толық іске асыру мемлекеттік басқарудың барынша икемділігі, қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерді ежей-тегжейлі талдау және үлттық басқару жүйесін уақытын түзету кезінде ғана мүмкін болмақ.

Дегенмен, автордың негізгі бағыттары осы жұмыстың нәтижелерімен, әсіресе, үшінші бағытпен үйлесімді қызылжысатының атап өткен жән. Еліміз аралас экономикалық жүйе шеңберінде қолдау көрсете отырып, инновацияларды алғашында бюджеттен қаржыландыру және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістердің қалыптастыру жолымен әріптестік жағдайында маңызды рөл атқаруы тиіс. Бизнес нарықтың инновациялық таушашаларын игеруде. Ғылыми жаңалықтарды, өнертабыстарды, прогностивті технологияларды өзірлеїді. Білім беру жобаларын іске асыру

және инновациялық серлілісті жүзеге асыру үшін қажетті кадрларды даярлау үшін де іргетас болып табылады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, білім беру, атап айтқанда, жоғары білім беру деңгейі мен елдің үлттық бәсекеге қабілеттілігі және алеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне елдің инновациялық алеуеті сияқты факторлар барынша әсер етегін көрсетті. Сондықтан мемлекеттік саясаттың басты бағыттары ретінде білім беру саласын, ғылым мен елдің инновациялық алеуетін жаңарту қажет деп есептейміз.

Осы орайда Қазақстандағы ірі ЖОО-ның бірі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде қазіргі экономикалық жағдайларда нарық сұраныстарына нақты жауап беріл, бұгінгі таңда қоғамда сұранысқа ие және өртөн қажет болатын білім беру қызметтерінің қеңейтілген кешенін ұсыну мақсатында жаңа нысандарды үнемі жасап, өз қызметін жақсартып отырғанын айта кету қажет. ЖОО-ның оку процесіне үдемелі технологиялар және оку жүйелері, әлемдік тәжірибеде көнін тараған кадр даярлаудың үш деңгейлі моделі – бакалавр – магистр – философия докторы (PhD) – толықынен енгізілген.

Әсіресе, университеттің ежелгі кафедраларының бірі – «Экономика» кафедрасының жұмысы елеулі. Мұндағы ғылыми-педагогикалық қызметтеп ғылым докторлары, ғылым кандидаттары және магистр қызытушылар айналысады. Олардың арасында «ЖОО үздік оқытуышы» мемлекеттік грант інгерлері, Еуропа елдерінің ЖОО-дағы ғылыми тәжілдемадан өткен профессор-қызытушылар бар.

«Экономика» кафедрасында 6B04110 «Экономика» мамандығы және 2019 жылдан бастап 6B04170 «Бағалау» білім беру бағдарламасы бойынша студенттерді жаңа жақты даярлау жүзеге асырылада. 2004 жылы 7M04110 (ғылыми-педагогикалық), 7M04112 (бейіндік) – «Экономика» мамандықтары бойынша магистратура, 2010 жылы 8D04110 – «Экономика» мамандығы бойынша PhD докторантурасы ашылып, халықаралық стандартқа сай білім бере отырып, жастардың жаңа жақты қасиби тұлға етп қалыптастасуна зор жағдай жасалған. Сонымен бірге жаңа мамандықтар атласына сәйкес, 2020 жылы 7M04113 – «Аграрлық экономика» инновациялық білім беру бағдарламасы өзірленіп, 2 жылдық магистратура ашылды. Осылайша, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде қазіргі экономикалық жағдайларда білім беру жүйесінің инновациялық бағдарын жаңа жақты қолдау және дамыту қажеттілігі есептіліп, білім беру құрылымы үнемі жаңартылып отырады.

Бұгінгі таңда М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті – Қазақстан Республикасының ірі және көп салалы университетті, аймағының инфрақұрылымының дамуы мен қалыптастасуына, халықаралық қоғамдастықтағы интеграция мен жаһандану үрдістеріне белсендей қатысатын ғылыми-білім беру, интеллектуалдық, мәдени орталығы.

**Гүлжанар ӘБДІКЕРІМОВА,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-дың экономика
кафедрасының доценті,
экономика ғылымдарының
кандидаты.**